

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық қызметті
бақылау комитеті Төрағасының
2016 жылғы “12” ақпан
№ N000595 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық
ҚЫЗЫЛ МАЙ®**

Саудалық атауы
Қызыл май®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
Полифитті май

Құрамы
100г препараттың
құрамында
белсенді заттар:

шайқурай шөбі	12.0 г
қалақай жапырақтары	2.0 г
итмұрын жемістері	1.0 г
қызыл мия тамырлары	1.6 г
жатаған жебір шөбі	0.2 г
сермене жапырақтары	0.2 г
шырғанақ майы	1.6 г

қосымша зат – күнбағыс майы

Сипаттамасы
Өзіне тән иісі және дәмі бар, күнгірт-қызылдан қоңыр-қызыл түске дейінгі майлы сұйықтық

Фармакотерапиялық тобы
Дәрілік басқа да препараттар
АТХ коды V 03AX

Фармакологиялық қасиеттері

Қызыл май® препаратының әсері оның компоненттерінің біріккен әсері болып табылады, сондықтан фармакокинетикалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік жоқ.

Қызыл май® майы - өсімдік тектес дәрі. Шөптердің құрамына кіретін биологиялық белсенді заттардың кешені (негізінен сапонинді гликозидтер – глицирризин, сондай-ақ эфир майлары, пептидтер, витаминдер мен минералдар) қабынуға қарсы, антибактериялық, жараны жазатын, регенерациялайтын, жалпы сергітуші әсер етеді.

Қолданылуы

Кешенді ем құрамында:

- ринитте, тонзиллитте, ларингитте, трахеитте, бронхитте, пневмонияда
- гастритте, асқазан мен он екі елі ішек ойық жара ауруларында, колитте, энтероколитте, проктитте, геморройда
- жатыр мойыны эрозиясында, кольпитте, цервитте, циститте, простатитте
- термиялық, химиялық және сәулеленуден кейінгі күйіктерде, тесілулерде, дерматиттерде, дерматоздарда, баяу жазылатын, оның ішінде жұқпалы жаралар мен ойық жараларда

Қолдану тәсілі және дозалары

Тыныс алу жолдары аурулары кезінде

- Мұрын жолдарының шырышты қабықтарына күніне 1 – 3 рет жағу түрінде. Емдеу курсы – 2 – 6 апта
- Мұрынжұтқыншаққа немесе көмейге 0,5 мл-ден құю, курсы 10-15 емшара
- Ішке тамақтанардан 20-30 минут бұрын ересектерге 1 шай қасықтан, балаларға 3 жастан бастап 1/2 шай қасықтан күніне 2-3 рет. Емдеу курсы – 2-6 апта.

Асқазан-ішек жолының аурулары кезінде:

- 1/2 шай қасықтан күніне 4-6 рет тамақтанардан 1 сағат бұрын қышқыл сүт өнімдері, кисель немесе балмен ішу керек. Емдеу курсы 4-8 апта.
- Простатитте, проктитте, геморройда препаратты клизма түрінде (ішекті алдын ала тазалаған соң) күніне 10-15 мл-ден 1 рет енгізеді, емдеу курсы 20-25 емшара.

Сыртқа – анус сызаттары, геморрой кезінде күніне 2-3 рет жағу керек.

Тері және шырышты қабықтың күйіктері, тесілулері, сәулемен зақымданулары кезінде:

- Өнезден тазаланған беткейге майды жағып, күн сайын ауыстырып тұратын дәке таңғышты салады.

Көмей, өңеш, асқазан обырын сәулемен емдеуде:

- Тамақтанған соң 1/2 шай қасықтан күніне 6-8 рет сәулемен емдеудің бүкіл курсы бойы және одан әрі тағы 2-3 апта.

Гинекологиялық аурулар кезінде: бүркіп-сулау түрінде, майға малынған тампондарды қынапқа енгізеді, емдеу курсы 20-30 емшара.

Жағымсыз әсерлері

- сирек жағдайларда: қышыну, күйдіру, гиперемия. Жағымсыз құбылыстар және басқа да реакциялар пайда болған кезде препаратты қолдануды тоқтатқан жөн.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық.

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған

Айрықша нұсқаулар

Препаратты косметикалық тәжірибеде пайдалануға болады.

Препарат иммунитет қорғанысы төмендеуімен қатар жүретін ауруларды емдегенде жалпы нығайтатын витаминді зат ретінде ұсынылуы мүмкін.

Педиатрияда қолдану

Қызыл майды® балалар тәжірбиесінде 3 жастан бастап ұсынылғаннан аспайтын дозада тағайындайды.

Жүктілік және лактация кезеңі

Препаратты жүктілік және лактация кезеңінде қолдану ұсынылмайды.

Дәрілік заттың көлікті немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді

Артық дозалануы

Анықталмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

30 мл, 50 мл және 100 мл препараттан бұрандалы мойны бар қызғылт сары шыныдан жасалған дәрілік заттарға арналған шыны құтыларда. Сыйымдылығы 30 мл, 50 мл құтылар полиэтилен тамшылатқышы мен полипропилен қақпақтармен жабылған. Сыйымдылығы 100 мл құтылар алғашқы ашылуы бақыланатын алюминий қақпақтармен жабылған.

Әр құты медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге қораптық картоннан жасалған қорапқа қапталады. Қолданылуы жөніндегі нұсқаулықтың мәтінін тікелей қорапқа жазуға жол беріледі.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25° С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Қолданар алдында шайқау керек!

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші

«ФитОлеум» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Алматы обл., Есік қ., Маметова к-сі, 25,

тел.\факс 8 (727) 297-27-00, 8 (727) 297-27-01, 8 (727) 297-29-36,

8 (72775) 7-25-18

Тіркеу куәлігінің иесі

«ФитОлеум» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы, телефон нөмірі, факс нөмірі, электронды поштасы.

«ФитОлеум» ЖШС

050037, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 163 «а»

тел.\факс 8 (727) 297-27-00, 8 (727) 297-27-01, 8 (727) 297-29-36

e-mail: fitoleum@mail.ru, www.fitoleum.kz